



ТҮРКІТІДЕС ЕЛДЕРДІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

ҚОРШАҒАН ОРТА, ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

ЖЕТІНШІ ОТЫРЫС

Анкара, 2022 жылғы 11 мамыр

“ТҮРКПА-ҒА МҮШЕ ЕЛДЕРДЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕЛЕРІН ҮЙЛЕСТІРУ”

ҰСЫНЫМ

Парламенттік Ассамблея:

Денсаулықты адамның өмір сүру сапасының маңызды элементтерінің бірі, сондықтан ТүркПА аймағындағы әрбір елдің дамуының маңызды факторы деп **санай отырып**;

Әрбір мүше мемлекеттің денсаулық сақтау жүйесін дамытуға бағыттаған және халықаралық ұйымдарға денсаулық сақтау саласындағы тиімді және тұрақты саясатты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жаһандық әріптестік пен өңірлік ынтымақтастыққа ерекше мән беретін Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) жариялаған және 2015 жылдың қыркүйегінде БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Мыңжылдық Даму Мақсаттарына (МДМ) және одан әрі Тұрақты Даму Мақсаттарына (ТДМ) **қолдау көрсете отырып**;

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ), Дүниежүзілік банк, Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры (ЮНИСЕФ), Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО), Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП) және т.б. сияқты жаһандық денсаулық сақтау мәселелерімен айналысатын БҰҰ-ның халықаралық мекемелері мен мамандандырылған мекемелерінің қызметін **қолдай отырып**;

ТүркПА-ға мүше елдер де қосылған және қабылдаған денсаулық сақтау мәселелерімен байланысы бар халықаралық ынтымақтастық пен халықаралық конвенциялар мен заңдардың маңыздылығын **атап өте отырып**;

Парламенттер мен парламентшілер заңнаманы қабылдау, бюджеттерді бекіту, ресурстарды жұмылдыру арқылы денсаулық сақтауда маңызды рөл атқаратынын, сондай-ақ олар өз азаматтарына барабар, тұрақты және

қолжетімді медициналық қызметтерді көрсетуге бірінші кезекте жауапты екенін **мойындай отырып**;

Түркітілдес елдер арасындағы басқа салалар сияқты денсаулық сақтау саласындағы қарым-қатынастарды одан әрі дамыту және осы бағытта денсаулық сақтау жүйелерін үйлестіру қажеттігіне **баса назар аудара отырып**;

Трансшекаралық аудандарда тұратын адамдар үшін сапалы медициналық қызметтерге қол жеткізудің маңыздылығына **ерекше атап өтіп**;

Медициналық қызметтерді қаржыландырумен де, медициналық сақтандыруды қолданумен де байланысты Түркітілдес елдердегі денсаулық сақтау жүйелері мен халық денсаулығының көрсеткіштері арасындағы белгілі бір айырмашылықтарды **назарға ала отырып**;

Мүше елдердің парламенттері арасындағы екіжақты немесе көпжақты келісімдер шеңберіндегі ынтымақтастықты, сондай-ақ олардың халықаралық және өңірлік мамандандырылған ұйымдармен ынтымақтастығын денсаулық сақтау жүйесін үйлестірудің әлеуетті тетігі ретінде қарау керек екенін **атап өте отырып**;

Ассамблея ТүркПА мүше елдердің парламенттеріне келесі ұсынымдарды береді:

- a) дәрігерлер мен медбикелердің білімі мен дағдыларын арттыру үшін бірлескен оқу бағдарламаларын *әзірлеу*;
- b) мүше мемлекеттерде жұмыс істейтін медициналық персоналды басқа мүше мемлекеттердегі мемлекеттік және жеке медициналық мекемелердің шақыруы бойынша уақытша жұмысқа орналастыру үшін арнайы құқықтық режим белгілеу және өтініштер беру мен бекітудің тиісті электрондық тетіктерін *құру*;
- c) міндетті медициналық сақтандыру жүйесін қолдану және тиісті тәжірибе алмасу мәселелері бойынша мүше елдердің тиісті органдарымен ынтымақтастықты *жолға қою*;
- d) біздің елдерде денсаулық сақтаудың цифрлық платформасын дамыту үшін мүше елдердің тиісті мекемелерімен *ынтымақтасу*;
- e) мүше елдердің азаматтарына телемедицина саласында медициналық қызметтер көрсету мәселелерін *реттеу*;
- f) мүше елдерде орналасқан денсаулық сақтау қорларымен қарым-қатынас *орнату*, сондай-ақ гранттық жобалар үшін тиісті мекемелермен қарым-қатынас *орнату*;
- g) салауатты өмір салтын насихаттау үшін мүше елдерде бірлескен әлеуметтік жобаларды *іске асыру*;

- h) жедел медициналық көмектің орталықтандырылған бірыңғай жүйесін құрып, тиісті тәжірибе алмасу бағытында мүше елдермен ынтымақтастықты *дамыту*;
- i) көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, сондай-ақ тиісті тәжірибе алмасу мақсатында бастапқы медициналық-санитариялық көмек мекемелерін (отбасылық денсаулық орталықтары, ауылдық медициналық орталықтар) *жақсарту* және мүше елдермен ынтымақтастықты *жолға қою*;
- j) медициналық туризм мен медициналық қызметтер алу үшін көрші елдерге шығатын шекара маңындағы аудандардың тұрғындары үшін жеңілдікті құқықтық режимдер *құру*;
- k) Түркітілдес елдердің мемлекеттік органдары берген жоғары және орта медициналық білім туралы құжаттарды тану, сондай-ақ практикалық дәрігерлердің, медбикелер мен фармацевттердің лицензияларын бір негізде өзара тану және тексеру үшін заңнаманы *қамтамасыз ету*;
- l) мүше елдердің жергілікті дәрі-дәрмек өндірушілері үшін Түркітілдес елдерде арнайы жеңілдікті құқықтық режимдерді белгілеу және дәрілік заттар мен биологиялық белсенді заттарды тіркеуді жеңілдету үшін заңнамаға тиісті тетіктерді *енгізу*;
- m) емделіп жатқан басқа мүше елдер азаматтарының медициналық мекемелерде алатын медициналық қызметтеріне шағымдану рәсімдерін *үйлестіру*;
- n) ТүркПА мүше елдер арасындағы тиісті салалардағы ынтымақтастықтың басқа да басымдықтарын *анықтау*.